

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.

Сырлыбай Б., Жүнүсова Д.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Balausa_2906@mail.ru, diron_dominic@mail.ru

Ғылыми жетекші: филол..ғ.к., доцент м.а. Медетбекова П.Т.

Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі, киелі жерлері бар. Ол – ел өмірінің ұлы белестерін айғақтайтын, бейне бір салқар көштей ұзақ тарихтың қадау-қадау оқиғалары өткен орындар мен сол халықтың ұлы перзенттерін дүниеге келтіріп, олардың ерлігі мен ғажайып талантының ашылуына куә болған мекендер. Дархан даламызда ондай жерлер өте көп. Еліміздің шығыс өңірінде тарихи және киелі жерлер көптеп кездеседі. Шығыс Қазақстандағы жер-су атауларының көбі орыс және моңғол тілдерінен енген.

Ең алдымен, Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласынан бастайық. 1715 жылы Бірінші Петр патша бұйрығымен Зайсан көлінің маңына қала салынуы керек болған. Ол бұйрығына қалмақтар бөгет болып, Зайсан көлінен оларды кейін шегіндіреді, сол кезде қазіргі қала маңындағы тасты тауларды орыстар пана етіп, қамал етіп пайдаланған. Сол кездері «Усть-Каменная» бекінісі пайда болған. Кейін Усть-Каменогорск «тасты таулардың басталатын жері» деген атпен өзгертілген. Кейініректе қазақтар өз тілдеріне бұрмалап Өскемен атап кеткен. Семей қаласының атауының тарихына үңілейік. Семей қаласының іргесі 1718 жылы қаланған. Қала атауына байланысты нақты дәлелденген дерек жоқ. Алайда, оған байланысты көптеген пікірлер бар. Ол әуелде бекініс болды, оның алғашқы аты – «Семипалатинск» (жеті шатыр) болатын. Бекініс салынбас бұрын Ертіс өзенінің бойына қоныстанған қалмақтардың жеті шатыры болған, соған байланысты орыстар Семипалатинск деп атап кеткен. Кейін ол қазақшаланып Семей деп айтылып жүр. Басқа деректерде керісінше пікірлер бар: қала салынбай тұрып оның маңында «Семейтау» деген мекен болған, оны орысшалап «Семипалат» деген ат шығарып алған деседі. «Семей» сөзі – көне түркілерге жататын сары ұйғырлар тайпасының тілінде «киелі мекен» деген мағынаны білдірсе, «Алаш» сөзі – түркі тілінде бауырлас, қандас, туыс деген мағынаны береді. Яғни, Семей, Алаш атауы – тұтас түркі дәуірінде қалыптасқан ең ежелгі атаулардың бірі. Тағы бір деректерде: «Қимақ қағанаты Ертісте 840 жылы пайда болған. Оның астанасы Семей 900-950 жыл аралығында «темір қақпалы қорғандармен берік қоршалған, ірі қала» деңгейіне жеткен» [1, 114].

«Семей» атауының түп негізі «көне тас ғимараттар үйіндісінің жанынан бой көтерген тас мешіттерге қатысты және «Семь-палат» – «Жетісарай» да осы аттан туындаған» делінген пікірлер де бар [2].

Орыс тілінен шыққан жер-су атаулары:

Усть-Каменогорск, Семипалатинск

Курчатов қаласы – Кеңес дәуіріндегі атом-ядролық сынақ болған жер. Алғашында №10 қалашық деген атпен жабық қалашық болған. Сынақтардың тікелей басшысы – И.В. Курчатов болды. Қалаға сол кісінің аты берілді.

Риддер қаласы – Ф.Риддер осы маңнан полиметал кенін ашуына байланысты осылай аталған. 1941-2002 жылдары Лениногорск аталып, кейін қайта Риддер аты берілді.

Зыряновск - Қала іргесінің қалануы 1791 жылы инженер Г. Зыряновтың осы өңірден қорғасын кенін ашу тарихымен тығыз байланысты.

Глубокое-аудан орталығы. 1761 жылы Ертіс өзеніне құятын Глубокое өз.жанынан қамал ретінде салынып, орыстар қоныстанған.

8 март – Жарма ауданының бір ауылы, Халықаралық әйелдер күніне байланысты атаған.

Моңғол тілінен шыққан жер-су атаулары:

Зайсан – көл, қала атауы. Көлдің қазақша аты Бейне теңіз толған. Моңғолдар Хонқотты «қоңыраулы көл» деп атаған. Оған көлдің жағаға ұрғанда шығатын шулы дыбыстары себеп болған. Кейіннен «Зайсан» атанады, моңғол тілінен аударғанда «мырза көл» деген мағына береді. Сол кездері көп балығымен елді жұтты құтқарғандықтан солай аталса керек.

Күршім атауы туралы халықтық этимология: «Қалмақтар шапқыншылығы кезінде қазақ батырлары жаудың бір «Күрсін» есімді батырын өзен бойында өлтіріп, өзенге сол қалмақ батырының атын беріпті» дейді.

Нарын Қаба – Күршім ауданындағы өзен атауы, Гидроним моңғолдың нариин «жіңішке», «жұқа» деген сөзінен алынған. Мағынасы Қаба өзенінің жіңішке бір саласы.

Сеңгір – жер аты, Тарбағатай ауданында. Түркі-моңғол тілінен аударғанда «көгілдір» деген сөздің аудармасы сеңгір мәнінде таудың ұшар бастарына қаратып айтқан. Сеңгір негізі тауға байланысты атау.

Қазақ тіліндегі жер-су атаулары:

Ақжайлау – елді мекен атауы, Шығыс Қазақстанда Ақжайлау деген атпен мен білетін екі жер бар, бірі Тарбағатай ауданында, бірі Күршім ауданында. Ақ және жайлау атты екі сөздің қосындысы, жалпы мағынасы шөпті жайлау деген.

Ақжон – таудың аты, Күршім ауданында орналасқан. Қары ерте түсіп, кеш кететін биік тау үстін Ақжон деп атаған.

Алакөл – көлдің атауы, Үржар ауданында. Біздіңше құрамында әртүрлі минералдық заттардың тұздардың көп болуынан тарғылданып жататын болғандықтан, солай атаған.

Зеренді – Катонқарағай ауданындағы көл. Алтайдың оңтүстігінде кездесетін еліктің бір түрін зерен деп атайды. Сол себепті «Зерен көп келетін көл» деген мән береді.

Сарытау – тау жотасы, Күршім ауданында. Қар аз түсіп жылдың көп айларында сарғайып жататын тау болғандықтан жергілікті тұрғындар солай атап кеткен.

Сәтбаев – елді мекен атауы, Тарбағатай ауданында. Ғалым Қаныш Сәтбаевтың құрметіне атаған.

Тәттімбет – Жарма ауданында орналасқан. Кезінде ол жерге Тәттімбет Қазанғапұлы аялдағандықтан солай атап кеткен. Ал Жаманауыл деген соған жақын жердегі ауыл адамдары Тәттімбетті сыйламай, ауылда қонғызбағаннан «Жаманауыл» деген атқа ие болған.

Оңжақ Қалжыр – Күршім ауданындағы ауыл атауы. Қалжыр өзенінің оң жағында орналасқандықтан солай атап кеткен.

Қызылкесік – Тарбағатай ауылындағы ауыл. «Қызылдар кесіп (өлшеп) берген кесік жер» деген мағынасында.

Шілікті – 3-алтын адам табылған Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында орналасқан елді мекен. "Шілікті" деген атауға байланысты халық арасында түрлі болжамдар бар. 1. Ауылда шіл құсы көп болғандықтан осылай атаған.

2. "Шілік" деп аталатын аласа бұталар көп болуына байланысты аталған.

Қазақ жерінің биік шыңы Хантәңірі күн нұрына шағылысып, аспанмен астасып, асқақтап тұрмаушы ма еді. Соның жан-жағында түбі көз жетпес тұңғиық, ұшар басы найзадай шаншылған небір шыңдар аласа тартып, Хантәңірін қоршаған ірі-бауырлардай боп көрінеді. Сол таулардың бірі – Шыңғыстау – Ұлы Абай дүниеге келіп, Мұхтар Әуезов өсіп, Шәкәрімнің кіндік қаны тамған жері. Шыңғыстаудың ұзындығы екі жүз шақырымға созылады. Ол байтақ өлке Тобықты елі, кейін Шыңғыстау ауданы, ал қазір Абай ауданы деп аталады. Аңыз бен жырға толы Абай елінің тарихы осы Күшікбай асуынан басталады. Төбенің басындағы тас қорымның астында Күшікбай батыр жатыр. Ержүрек батыр еліне жау шапқанда, шешек шығып ауырып қалса керек. Дұшпаны да батырды қапыда алмақшы болыпты. Кек құған намыскер ер жара басқан жалаңаш етіне шекпенін желбегей киіп, жауына атой беріпті. Жерін жаудан азат етіп, осы төбенің басына жеткенде, ат үстінде, жан тәсілім етіпті. Абай ауданының шекарасынан асқан соң жол екіге айырылады, бірі күрт солға бұрылса, екіншісі тау бойымен кетеді. Сол жақтағы елді мекен Мұхтар Әуезов атындағы совхоздың орталығы. Мұхтар Әуезовтың туған жері Бөрілі ауылының аты айтып тұрғандай қасқыр көп болғандықтан солай аталған. Ал оң жақтағысы Абайдың кіндік қаны тамған Қасқабұлақ жері. «Қасқабұлақ» аталуы себебі ауыл маңында ел қоныстамай тұрып қасқайып ағып жатқан бұлақ болған, соған байланысты Қасқабұлақ аталып кеткен. Қасқабұлақ жотасынан асып түскен соң Орда тауы көрінеді. Шыңғыс хан Бұқарға бара жатқан жолында осы таудың бауырын екі рет қыстап, ордасын тіккен. Содан бері ол Орда деп аталып кеткен.

Шыңғыстың батыс шегінде Шаған өзенінің жағасындағы Қоңыр әулие үңгірі-табиғатың сирек кездесетін ескерткіші. Қараңғы үңгірдің түбі мөддір сулы көлшікке тіреледі. Ол су ары қарай созыла береді. Оның түбіне дейін әлі күнге дейін ешкім жетіп көрмеген. Бұл үңгірдің маңында қазақ руларының таңбалары қашалып салынған көптеген тас молалар бар. Қоңыр әулие атауына байланысты көптеген аңыздар кездеседі. Соның бірі мынау- «Қоңыр әулие» үңгірі жердің, жануарлар мен құстар әлемін қорғаушысы Нұх Пайғамбар заманынан бар. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесіне қалып қойыпты-мыс, бірақ кемеді орын болмай, үш бақанды жалғап байлап, бақанға отырып, ол пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік ағыспен олар солтүстіктен оңтүстікке беттейді. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның бөренесі тасқа соғылып, жұлынып кетеді. Бұл Қызыл Тау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие Қыранның бөренесі Ақбет тауына соғылады. Су қайта бастап, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда, кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге жақындағаннан кейін, ол осы жерде қоныстанады. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Келесі деректер бойынша Қоңыр деген қазақтың батыры болған. Ол қалмақтармен соғыста атымен шауып келіп осы үңгірге кіріп кеткен, ол үңгірдің шегі жоқ болғандықтан қалмақтар батырды таба алмапты. Үңгірдің кіре берісінде тастың бетінде үлкен тұяқтың ізі бар, ол Қоңыр батырдың атының ізі деседі.

Қазақтың қос ғашығы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезі де Шығыс Қазақстанда орналасқан. Жырға сүйенсек Баянның сәлемдемелерін Қозыға жеткізер жолында Айбас барлығын әр жерде құлатып алған. Сол жерлер Баянның жіберген заттарымен аталған. Ал кейбір мекендерге Айбастың өзі атау беріп отырған. Мысалы: Жамшы, Қарқаралы, Домбыралы-Моншақты, Баянауыл, Жауырбұғы және т.б. Одан басқа еліміздің Абай ауданында «Еңлік пен Кебек» ескерткіші бар. Ескерткіштің тұрған жері бұрын «Шұбартөбе» аталған. Еңлік- Кебек трагедиясынан соң осы атқа ие болған.

Елімізде елді мекендердің мәлім де беймәлім атаулары мен олардың тарихы көп, әрі оларды тоқтаусыз жаза беруге болады. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстандағы жер-сулардың басым көпшілігінің аты әлі де болса орысша. Олар жылдар өте қазақша атауларға ие болады деген үміттеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясының 10 томы. «Семей» тақырыбы.
2. Миллер И.С. – Г. Ф. Миллер. История Сибири. М-Л., 1937г.